

Бәйдібек ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 22/138 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қазанда № 30107 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 қазандағы № 7/34 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 11.10.2023 № 7/34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлікінде 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Бәйдібек аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бәйдібек ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бәйдібек ауданының мәслихат хатшысы

A. Кенехан

Бәйдібек аудандық мәслихатының
2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 22/138
шешіміне 1 қосымша

Бәйдібек ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1) әлеуметтік көмек ретінде бастапқы жарна сомасының 90 % мөлшерінде, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде;

2) әлеуметтік қолдау ретінде бастапқы жарна сомасының 90 % мөлшерінде, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде айқындалсын.

Бәйдібек аудандық мәслихатының
2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 22/138
шешіміне 2 қосымша

Бәйдібек ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 2) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілдегі орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 7) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 8) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 9) қандастар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 10) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 11) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 12) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 13) толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 14) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 "Еңбек ресурстарын болжаудың үлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын

бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 болып тіркелген) сәйкес, қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып айқындалатын денсаулық сактау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік үйымдарының мамандары және де өзге де салалардағы мамандар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК